

ҒТАХА 16.01.09

DOI: <https://doi.org/10.62724/202440204>

Қалыбаева Қаламқас Сейдуллаевна*¹

Филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Достық даңғылы, 13.

kalybaevakalamkas@gmail.com

ORCID ID 0000-0001-6821-3879

ҚАЗАҚ ЖАЗУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Қазақ жазуын латын негізді әліпбиге көшіру мәселесіне байланысты тілші ғалымдар арасындағы ғылыми айтыстар қазақ тіл білімінің өткеніне сын көзбен қарап бағамдауына, ұлттық жазу теориямызда жіберілген қателіктер мен кем-кетіктерімізді дұрыс бағамдауға үлкен мүмкіндік туғызды. Соның арқасында қазақ ғалымдары өткенге қайта көз салып, жазуымыздың қай жерден адасқанын қоғам боп саралауға мүмкіндік алды. Соның нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған қазақ жазу теориясы сол алаш арысының өзімен бірге Кеңестік репрессияның құрығына ілініп, келмеске кеткенін көрдік. Яғни бүгінгі қолданыстағы қазақ жазуы Ахмет қалыптастырған нағыз ұлттық жазу теориясынан қасақана адастырылған, нағыз сол Кеңестік репрессия күндерінің қауіп-қатерін бойына сіңірген, сол қатерлі күндермен қатар өрілген, Ахмет сөзімен айтсақ орыс жазу теориясына сыйғызу үшін жіппен буып-түйілген «қытай қызының аяғындай» өз табиғатынан «шатасқан» бір жазу болып шыққанына көзіміз жетті. Қазіргі дейінгі жалғасып отырған бұл қателіктерден арылуда бір топ ғалымдар әлі де орыстанған емле ережелерінен бас тартпауға шақырып отыр. Олардың айтуынша, бұл ережелер орыс емле ережелері емес, өз тіліміздің қажеттілігінен туындаған-мыс. Бүгінгі бұл мақаламызда біз осы жайлы бірқатар дәлелдер келтіргіміз келеді. Мақалада қазақ жазуының шешімін таппай жүрген осындай бірқатар мәселелері тарихи тұрғыдан сөз болады.

Кілт сөздер. Жазу теориясы, морфологиялық принцип, фонетикалық принцип, біріккен сөздер.

Кіріспе. Қазақ жазуының латын жазуына көшкелі жатқан қазіргі тарихи кезеңі қазақ тіл білімінің бүгінгі деңгейінен өткеніне сын көзбен қарап бағамдауына, ұлттық жазу теориямызда жіберілген қателіктер мен кем-кетіктерімізді дұрыс бағамдауға үлкен мүмкіндік туғызды. Соның арқасында қазақ ғалымдары өткенге қайта көз салып, жазуымыздың қай жерден адасқанын қоғам боп саралауға мүмкіндік алдық. Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған қазақ жазу теориясы сол алаш арысының өзімен бірге Кеңестік репрессияның құрығына ілініп, келмеске кеткенін көрдік. Яғни бүгінгі қолданыстағы қазақ жазуы Ахмет қалыптастырған нағыз ұлттық жазу теориясынан қасақана адастырылған, нағыз сол Кеңестік репрессия күндерінің қауіп-қатерін бойына сіңірген, сол қатерлі күндермен қатар өрілген, Ахмет сөзімен айтса орыс жазу теориясына сыйғызу үшін жіппен буып-түйілген «қытай қызының аяғындай» өз табиғатынан «шатасқан» бір жазу болып шыққанына көзіміз жетті. Енді қалай ұлттық жазу қалыптастырамыз, қателіктер қалай арыламыз дегенде ғалымдарымыз соңғы жылдарда ұзақ айтысты, дауласты, пікір бөлісті. Бұл айтыстардың барлығы да қазақ жазуын дамытып, өркендетуге зор үлес болып қосылары сөзсіз.

Материалдар мен зерттеу әдістері қазіргі заманғы деректерімен бірге қазақ тіл білімінің тарихына қатысты архив қорларындағы деректерді жинақтау мен анализдеу, сұрыптау, салыстыру, жүйелеу әдістерін қамтиды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Өткенімізге көз салсақ, қазақ жазу теориясының қалыптасу жолы ақтаңдақтарға толы екенін көреміз. Себебі, еліміздің кеңестік кезеңі тіл, әдебиет, мәдениет саласындағы проблемаларды шешуде бұра тартқан, саяси бұрмалаушылықтар мен тарихи шешімін таппаған күрделі проблемаларға толы еді. Оларды бүгінгі тәуелсіздік заманында ақтаңдақтар ретінде танып, бірқатарын тарихи саяси бұрмалаудың құрсауынан аршып ажыратып алып, төл тұлғасын айқындап, ұлт табиғатының тұрғысынан жаңаша бағамдап, бағасын беріп жатырмыз. Бұл жолда тарих, мәдениет пен әдебиет саласы өз позицияларын батыл айқындап, нақты қадамдар жасай білді. Соның арқасында талай аты аталмаған саяси тұлғалар ақталып, еңбектері жаңа заман тұрғысынан қайта өреленді. Бұл салалардағы Кеңес заманының әкімдік әміршілдік шешімдерімен таңылған тұжырымдардың біразы аты аталып, түсі түстеліп, қолданыстан шығарылып, келмеске кетті. Алайда, осы ғылыми бағыттардың арасында тіл білімінің ақтаңдақтары әлі күнге айқындалмай барады. Кеңестік заманның саяси бұрмалаушылығына ұшырамай қалған бір де бір сала қалмағандығын ескерсек, сол салалардың ішіндегі ең бір өзекті де өткір тұрған саланың бірі тіл білімінің мәселелері екенін ашып айтуға тиіспіз. Бүгінгі қазақ жазу теориясының қалыптасу жолы тіл білімінің кеңестік әкімшілдік әміршілдік жүйесімен біте қайнаса отырып қалыптасты. Қазақ жұртының сонау 30-60-жылдар арасындағы бастан кешкен теперіші, ашаршылық пен репрессиялау, қуғын сүргін саясаты, еркін ойлау, еркін сөйлеуді «елге төнген қатер» деп бағалау саясаты тіл білімі теориясының да, соның ішінде сөзсіз қазақ жазу теориясының да бүгінгі орыстанған мүшкіл қалпының қалыптасуына алып келді.

Қазақ жазу теориясының қалыптасу, даму жолының көшбасында ұлттық жолдағы А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамбетұлы, Е.Омаровтар бастаған сингармониялық жазу мектебінің өкілдері және кері көзқарастағы Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов бастаған кейінгі қазақ жазуы дамуының жаңа кезеңі өкілдері (С.Аманжолов, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев) қалыптандырған екінші жолдағы жазу мектебі тұрды. Қазақ жазуының тағдыры осы екі мектеп өкілдерінің арасындағы пікір қарама қайшылығынан құралады. Өкінішке орай, қазақ жазуы сол А. Байтұрсынұлы бастаған ұлттық мектеп жолымен емес, орыс жазуының жетегінде кеткен екінші жолмен кеттік. Нәтижеде дыбыс жүйемізде жоқ орыс дыбыстарының таңбалары әліпбиіміздің төрінен орын алып қана қойған жоқ, еміле ережелеріміз де орыс тілінің жазу заңдылығына барынша жақындатылып, орыс жазу теориясының «үнемдеу» деген ұстанымы қазақ жазу теориясына кіріктірілді. Табиғатында дауыссыздары дауыстыларға басшылық жасайтын орыс тіліндегі дауыссыздардың қатарласа келгендіктен мың түрлі құбылтатын бұл тілде шынында да естілетін дыбыстарды таңбалауда азайтып жазу басты проблема еді. Байқап отырсақ, орыстың әліпбиі де, жазу еміле ережесі де осы проблеманы шешуге негізделген. Сондықтан да орыс тілінің айтылуы мен жазылуының арасында ғаламат ерекшеліктер пайда болған. Міне, осы өзге тілдің өз ерекшелігінен туған өзіндік заңдылығы біздің қазақ жазуына сыналап отырып енгізілді. Кезінде Халел Досмұхамедов әдеби тілдің дамуы жайлы: «...Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспадан қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел. Бұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды»-деген екен. Халел айтып отырған «баспа мен мектеп тілі», яғни жазу тілі дұрыс болмай тіліміз сорлағаны рас[1, 756].

Жазуымыз қай жерден шатасты:

- ең алдымен тілімізге өз тіліміздің табиғатында жоқ орыс дыбыстарының таңбаларын енгізілуі;

- екіншіден, сол орыс дыбыстарын енгізумен қатар іске асырылған кірме орыс сөздері мен термин сөздерді орыс орфографиясымен жазуға көшірілуі;

- орыс сөздерін түпнұсқасымен жазу үшін емле ережесінің басты ұстанымы етіп «морфологиялық ұстаным» қағидатына көшірілуі;

-қазақ жазу емлесін орыс орфографиясына барынша жақындай түсу үшін «ықшамдап жазу» үдерісінің жолға қойылуы;

Қазіргі емле ережелерімізге негіз деп көрсетілген фонематикалық принцип өз бастауын морфологиялық принциптен алады, және бұл екеуі де тіліміздің ішкі заңдарына сәйкеспейді. Бұл екі ұстаным да орыс орфографиясынан алшақтамау үшін алынған болатын. Орыс сөздері мен термин сөздерді орыс орфографиясымен жазуға фонетикалық жазу принципі (сингармониялы жазу) үлкен кедергі еді. Сондықтан да, морфологиялық принципті жақтаушылардың барлығы дерлік қателік ретінде тек орыс сөздерін мысалға келтіреді. Осы мақсатта Жұбанов өзі 1929 жылы «Қазақ тілінің табиғаты сұрап тұрған жазу ұстанымы» деп атаған «фонетикалық жазуды» «ультрафонетикалық жазу» деп айыптап, сөзді түбірін сақтап жазатын, орыс жазуының басты ұстанымы болып табылатын морфологиялық принциппен жазуға шақырды[2, 1076].

Морфологиялық ұстаным біріккен сөздердің ала-құлалығын о бастан-ақ өршітіп жіберген еді. Ол жайлы сол жылдардағы ғалымдардың айтысынан байқаймыз. 1951-жылғы орфографиялық айтыста Шамғали Сарыбаев былай деген екен: «Жазуда бір принциптік мәселе орысша мен қазақшаның арасында антоганизм болмасын –дейді. Бұл саяси мәселе. Социалистік ұлттардың өзгешелігі қазіргі уақыттан бастап жоғалып кетсе дұрыс-ақ қой. Мисалы, жаңағы айтқан Бегалиев дегенді орыстарға Бекалиев деп түбірін қаздырып жатсақ, айтылғанда Бегалиев болады деп жатсақ осының өзі бір бәле емес пе. Осы сыяқтанған мыңдаған сөз бар ғой, соны былай жаз, былай оқы дегеннен бір пәлеге қалдым... Осы түбірін сақтап жазу дегенмен орысқа жақындаймыз деп түсініп қалғаннан тапқанымыз. Орысқа негізгі жақындау осында ма?... Солай болатын болса орфографияны қыйындата беруге болмайды. Мисалы: Қазақстан дегендегі "қ" мен жазудың өзі бар ғой орысша да емес, қазақша да емес. Шүршітше болуы мүмкін. Сол шүршіт деген ұлт болса! Қазақша болса Қазағыстан болуы керек...»-деген екен[3].

Мәулен Балақаевтың пікірі де осы ойымызды дәлелдей түседі: «Осы түбірін сақтап жаз деп бөлек-бөлек мағына тауып алып сөздің қыюын қашырдық. Сөздердің ішіндегі заңдылығын ескеретін болсақ, быйыл деген бірігіп бір сөз болып кеткен. Осы пікірді теріске шығарғысы келгенде жолдастар былай дейді: біз сөздің түбірін морфологиялық принциппен орысшада қалай болса, бізде де солай болу керек сондықтан сақтап жазамыз дейді. Ак. Виноградов былай деген: аффикс, приставки сөздің түбірі қалай естілсе солай жазылса соны мәрфәлогиялық принцип дейміз дейді.- екен. Бізге бул дәл келмейді. Біз осындай сөздің ерекшелігін ескермей көбінде түбірін сақтап жазамыз дегенді алдық та, осындай теріс принциптің салдарынан ортасындағы дыбыстың өзгеріп кеткен жерлердің бәрінде де қолдандық» [4].

Орыс орфографиясымен жақындастырылу үшін қазақ жазу теориясында басты ұстаным деп бекітілген осы Морфологиялық принциппен жазу зардабы біздегі біріккен сөздердің емле ережесінде әлі сақталып жүр. Нәтижеде орфографиялық сөздіктерімізде әлі күнге тілімізге жат заңдылықтармен жазылған өрескел қателер өріп жүр. (Сарыағаш, сарыатан, сарыауыз, сарыандыз) [5, 500б].

Сол сияқты қазіргі ЫЙ/ИИ, Ы/І ықшамдап жазу қателіктері де Кеңестік кезеңде тіл біліміне 30 жылдай үлкен тоқырау әкеліп, 1950 жылдары ғылыми айналымнан аластатылған Н.Я.Маррдың қате теориясының салдары. Ықшамдап жазудағы Марр теориясының зарарын Мәулен Балақаевтың 1951-жылғы сөзінен көреміз: «Марр и его "ученики", смешивая язык с надстройкой, считали язык категорией изменчивой и

требовали в условиях социализма необходимости создания новых социалистических языков, в корне отличных от языков предыдущих формаций. С.Аманжолов, автор брошюры "Проект нового казахского алфавита и орфографии на базе русской графики" /1940г., на казахском языке/ и "Новый алфавит и орфография казахского литературного языка" / 1940 г., на русском языке утверждал, что "подобно тому, как язык эпохи феодализма не удовлетворял потребности эпохи капитализма, язык, отвечающий потребности эпохи капитализма, уже не сможет соответствовать требованиям эпохи социализма" /стр.8, на русском языке/. Отсюда вытекает, что мы якобы должны создать новый социалистический язык, в корне отличающийся от "старого" языка. Эта антинаучная, насквозь вульгаризаторская установка была, к сожалению, воспринята у нас, и лично мною, как теоретическая основа при решении вопросов казахской письменности. Это привело к игнорированию специфики, к отрицанию устойчивого характера казахского языка» [6, 176].

Осы ойын 1951-жылғы орфография айтысында тағы жалғастырып, былай дейді: «Тілдің өзі қондырма болғандықтан өзгеріп отырады, сол өзгерісті емледе ескеру керек дегенді еске ала отыра қабылданған емлеміз болатын. Осыны ескергенде дұрыс болады дегенмен “ы” мен “і” дердің жазылуын қысқарттық. Сингармонизм дегенде белінен басып олай болмасын, былай болсын деген бағытта болдық»-деп күйінген ғалым осы қателіктердің салдарынан жазуда ала-құлалықтар тоқтамай отырғанын айтады: «Жеке дыбыстардың емлесі жайында көбірек ойлайтын жеріміз "ы" мен "і"-нің жазылуы. 1940 жылы осының жазылу ережесін қысқарту жағында болып едік. Осы өзі-ақ азайып келе жатыр ғой, соны азайта берсек қайтеді деген едік. Кейбір сөздерде айқын естілмейтін жерлер бар. Әйтпесе басқа жерлерінде сол күйінде естіліп тұр, ешбір кеміген өзгеріс сезілмейді. Сондықтан осының емлесін қайта қарасақ. Жазылмайды дегендерімізді мүмкін болғанда қысқыртсақ та, анық естілетін жерлерінің бәрінде жазсақ, Жапрақ, топрақ дегендерде жазылмасын деген болатынбыз, қонрау, үкмет, мәжліс дегендерде қысқартқан едік, енді осылардың арасына жазылса, ал мағна, ықлас, қатнас дегендерде жазылмаса деген ұсынысым бар... Халық дегенде тәуелдік жалғау жалғанғанда халқы бөлек түсіп қалады. Міне осындайдағы сияқты Уйқы дегенде де түсіп қалады. Ойын дегендегі “ы” да түсіп қалады. Булар ескі ережеде айтылмаған еді. Практикада бірде олай, бірде бұлай жазылып жүр. Сөздің басында жазылмасын деген бар ғой лақ, лас, дегендерде берілген ереже алынып тасталғаннан сөздің мағнасы өзгермейтін болса жазылмайды деген екенбіз. Міне осы ережені өзгертуге тиістіміз. Естілген жердің бәрінде жазылсын да, дүдәмалсын жерде алынып қалсын. Бул жөнде айқындап келісіп алу керек»-деп, қазақ жазуының тығырыққа тірелгенін мойындайды [7, 1076].

Ықшамдап жазу идеясы Кұдайберген Жұбановтан бастау алғанын, ғалым 1934-жылы жаңа әліпби жобасын жасап, талқылауға ұсынғандығын білеміз. Жобадағы басты жаңалық – термин сөздер мен орыс тілінен келген сөздерді өзгертпей жазу болды. Термин сөздер мен орыс тілінен келген кірме сөздерді өзгертпей жазуға әрине сингармонизм үлкен кедергі келтіріп тұр еді. Сол себепті де орыс сөздерін түпнұсқамен жазуда кедергі боп тұрған ЫЙ/ЙЙ ден қазақ сөздерін жазуда да қысқартып, оларды бір таңбамен ғана беру керек болды. Осы мақсатта ғалым өзінің «Қосар ма, дара ма?» деген атақты мақаласын да жазды. Осы мақсатта ол сингармонизмді тілдің социалистік сатыға көтерілуіне кедергі жасап отырған «ескінің қалдығы» «өткінші» құбылыс деп жариялады. Сол мақсатта Жұбанов өзі 1929 жылы «Қазақ тілінің табиғаты сұрап тұрған жазу ұстанымы» деп атаған «фонетикалық жазуды» «ультрафонетикалық жазу» деп айыптап, сөзді түбірін сақтап жазатын, орыс жазуының басты ұстанымы болып табылатын морфологиялық принциптен жазуға шақырды. Орыс сөздерін бұлжытпай

жазу үшін сингармонизм анықтамасын да Ахмет айтқандай «сөз ішіндегі үндесуді» «кертартпа сингармонизм» деп айыптап, «...шын сингармонизм түбір мен қосымша арасындағы үндесу» деп тұжырымдады [8, 5196].

Ықшамдап жазу осы 30-жылдары орыс тілі орфографиясына жақындау мақсатымен енгізілгенін Жүсіпбек Аймауытовтың пікірлерінен де көреміз: «...Ұзын И, шолақ Й деп бүйректен сирақ шығарудың керегі жоқ. Ұзын ЫЙ деп жазылса, орыс емлесінен қашықтап кетеді» дей келе Сингармонды жазуды қолдаған ғалымдарды «дыбысшылдар» деп айыптаған екен: «Сол дыбысшылдықтың салдарынан сөз басында болар болмас естіледі деп, разы, рақат, рұқсат, лайық, лаж, лақ деген сөздерді Ы жалғап жазып жүрміз. Орысшада сондай болмашы дыбыстарға түк те жазылмайды» деген ғалым біздің тіліміздегі сингармонизмнің ролін барынша төмендете түсіп «Қазақ емлесі орыс емлесіне жақын болу керек, қазақ баласы орысша хат танымай тұрмайды... Орысшасыз күніміз жоқ»-деп түйіндейді [9, 1076].

Ал, енді бүгінгі қазақ жазуын латын әліпбиіне көшкелі отырған жаңа кезеңде ұлттық жазу теориямызда кеткен ақтаңдақтарды анықтап, қайта түзетіп ұлттық сипатымызға ылайықтаудың үлкен мүмкіндігі туып отырған тұста да ғалымдарымыздың бір тобы жазу реформасы дегенді тек қана әліпби ауыстыру деп түсініп отыр. Бұл жолда айтулы ғалымдарымыз үнемі Жүсіпбек Аймауытов пен Құдайберген Жұбановтың үнемдеп жазуға қатысты ой пікірлерін ту етіп ұстап келеді. Алайда бұл ғалымдардың айтқан ой пікірлері не себепті бізді орыс жазуына жетеледі, оның қандай саяси тарихи астары болғандығын біз біліп отырмыз ба? Егер біз осы мәселелерді бажайлап қарайтын болсақ, бұл тұлғалардың сол замандағы сол кезеңдегі саяси тарихи оқиғалармен тығыз байланыста қалыптасқан Кеңестік саясаттың ұр тоқпағының нәтижесі екендігіне айқын көз жеткізе аламыз. Демек, бүгінгі қазақ жазуын реформалауда біз осы тұлғалардың жазу теориясына енгізілген тұжырымдарын да қайта саралап, ақ қарасын анықтауымыз әбден керек-ақ. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытовтың жазу теориясына қатысты ұстанымдары барынша орыс жазу емлесінен алыстамау мақсатын көздегені айдан анық. Ол қазақ жазуын орыс жазуынан алшақтатпауды жасырмай, ашып тұрып айтады «...Ұзын И, шолақ Й деп бүйректен сирақ шығарудың керегі жоқ. Ұзын ЫЙ деп жазылса, орыс емлесінен қашықтап кетеді» деп шырылдайды ғалым. Сингармонды жазуды қолдаған ғалымдарды «дыбысшылдар» деп мысқылдай отырып Аймауытов «Сол дыбысшылдықтың салдарынан сөз басында болар болмас естіледі деп, **разы, рақат, рұқсат, лайық, лаж, лақ** деген сөздерді **Ы** жалғап жазып жүрміз. Орысшада сондай болмашы дыбыстарға түк те жазылмайды» деген ғалым біздің тіліміздегі сингармонизмнің ролін барынша төмендете түсіп «Қазақ емлесі орыс емлесіне жақын болу керек, қазақ баласы орысша хат танымай тұрмайды... Орысшасыз күніміз жоқ. Емлеміздің арасы қашық болса, қазақшаны таныған адам орысшаны, орысшаны таныған адам қазақшаны тану қыйын тиеді. Латын әрпін қолдансақ, емлеміз орыстікімен тіпті жақын болу керек. Үйткені латын жазуы, әрпі орысшаға өте ұқсас» деп шегелей түседі. Ғалымның өзі атылып кеткенімен, жазу теориясында ұсынған бұл ұстанымдары кейіннен қазақ жазуына айна қатесіз енгізілді.

1938-жылғы ережеде енді – ЫИ/-ИИ жазудан қысқартылды. Әрине, бұл өзгерістер ережеде заңдастырылғанымен оны іске асыру оңай бола қоймады. Соның салдарынан 1938-57 жылдардағы жазу қайшылықтарға толы болды. Есітіліп тұрған дауыстыларды жазбай кету дағдыға айналғанша 20 жылға жуық жазуда ала-құлалық туғыза берді. Мұның өзі тілдің өз табиғатынан ажырауы өте қыйын үрдіс екенін көрсетеді. Бұл проблеманы шешуге байланысты айтыс тартыстар осыны дәлелдейді. Мысалы Рабиға Сыздықова 1952 жылғы дискуссияда «ықшамдап жазу» орфографияда нақтыланғанымен, баспасөз бетінде әлі сақталмай отырғаны жайлы былай дейді:

«Последний орфографический словарь обсуждался не раз, не раз указывалось не достатки и не раз говорили, что в таких словах как лас, рас, перед буквами Л,Р которые стоят перед открытыми согласными и гласными У, буквы Ы, І не пишутся. ...Если взять газету «Социалистик Казахстан» проследить за ее номерами... то в заглавий топрак написаны без буквы Ы, а в статье в одном месте оно написано через бкву Ы, а в другой статье в двух местах пишется без буквы Ы. Это непоследовательность показывает, что такие слова явно слышатся с межслоговой Ы. Поэтому чтобы не было разнобоя, надо включать букву Ы» деген ұсынысты да айтты [10, 1076].

Осылайша жазу тарихымыздағы қабылданған түрлі тілімізге сай емес емле ережелері арқылы жазуымыз қиындатылып отырды. Әрине, тілдің даму заңы сырттан таңылған зорлықтарға көне қоймайтыны белгілі. Нәтижеде қазақтың жазу емле ережесі ұзақ жылдар бойы жазуымыз ала-құлалықтан, ал ғалымдарымыз емле ережелеріне қатысты айтыс тартыстардан бір көз ашпай қалды. Қазіргі дейінгі жалғасып отырған бұл қателіктерден арылуда бір топ ғалымдар әлі де орыстанған емле ережелерінен бас тартпауға шақырып отыр. Олардың айтуынша, бұл ережелер орыс емле ережелері емес, өз тіліміздің қажеттілігінен туындаған-мыс. Бүгінгі бұл мақаламызда біз осы жайлы бірқатар дәлелдер келтіргіміз келеді. Ал шындығында қазақ орфографиясындағы бүгінгі ала-құлалықтар үрдісі сол орыс тіліне басымдық беріле бастаған сол 1930-жылдардан бастау алады.

Қорытынды. Ең қыйыны-қазіргі қолданыстағы емле ережелерінде де осы қателіктер сол күйінше өріп жүр және де келешектегі латын әліпбиіне көшуге байланысты ұсынылған емле ережесі жобасында да осы қателіктердің көпшілігі сақталып қалатын түрі бар. Қазіргі емле ережелерімізде де шешімін таппай жүрген осы морфологиялық принциппен түбірін сақтап жазу (шекара, көкөніс, Сарыағаш...), ықшамдап жазу (ми, сиыр, жиын)т.б. ала-құлалықтар, сол арқылы тіліміздің сөйлеу әуезділігінің әлсіреуі, бәрә-бәрі- бір кездердегі Кеңестік саясаттың «Тілдердің бәрі Ұлы орыс тілінің айналасында бірігеді» деген жалған ұранына бейімдеуге қатысты жазуды унификацияландырудың салдары екенін Кеңестік кезеңнің бастауында «тілдердің бір-біріне жақындату үшін орыс орфографиясын ұлттық тілдерде қолдану керек» деген ұстанымның салдары әлі жазуымызда сақталып отырғанын бірқатар ғалымдар әлі дәлелдей алмай келеміз. Қазақ жазуының ғылыми негізі -Ахмет Байтұрсынұлының жазу теориясында жатыр. Демек, Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалаған, тіліміздің дыбыстық жүйесіне әбден сай келетін, репрессияланып кеткен жазу теориямызды ақтап алып, қайта қолданысқа енгізетін уақыт келді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Досмұхамедұлы, Х. Таңдамалы (Избранное) [Текст] / Х. Досмұхамедұлы – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 2 Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст] / Қ. Жұбанов – Алматы: Ғылым, 1966. – 306 б.
- 3 ҒА Мұрағат құжаттары. Ф.80, Д.618, 17 бума
- 4 ҒА Мұрағат құжаттары. Ф.80, Д.618, 18-бума.
- 5 Орфографиялық сөздік [Текст] / жауап. ред. Р. Сыздық ; құраст.: Н. Уәлиұлы [ж. б] – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 477
- 6 Балакаев, М. Вопросы казахской графики и орфографий [Текст] / М. Балакаев // доклад выносимый на обсуждение дискуссий по некоторым вопросам казахского языкознания – Алматы, 1952
- 7 ҒА Мұрағат құжаттары. Ф.80, Д.618, 15 -бума

8 Жұбанов, Қ. К пересмотру казахской орфографий [Текст] / Қ. Жұбанов // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.

9 Аймауытов, Ж. 5 томдық шығармалар жинағы [Текст] / Ж. Аймауытов // №4-том. Психология. Жан жүйесі мен өнер таңдау. Тәрбиеге жетекші – Алматы: Ғылым баспасы, 1998. – 446 б.

10 ҒА мұрағат құжаттары. 80-папка, 218-бума

REFERENCES

1 Dosmukhameduly, X. Tandamaly (Izbrannoe) [Chosen (selected)]. Almaty: Ana tili, (1998): 384 b. – (In Kaz)

2 Zhubanov, K. Kazakh tili zhonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh language]. Almaty: Gylym, (1966): 306 b. – (In Kaz)

3 Archive documents of GA. F.80, D.618, 17 bundles

4 Archive documents of GA. F.80, D.618, 18 bundles

5 Orfografiyalik sozdik [Spelling dictionary]. Almaty: Til bilimi instituty, (2007): 477 b. – (In Kaz)

6 Balakaev, M. Voprosy kazahskoj grafiki i orfografij [The issue of Kazakh graphics and orthography]. Doklad vynosimyj na obsuzhdenie diskussij po nekotorym voprosam kazahskogo yazыkoznanіya. Almaty, (1952): – (In Kaz)

7 Archive documents of GA. F.80, D.618, 15 bundles

8 Zhubanov, K. K peresmotru kazahskoj orfografij [Studies on the Kazakh language]. Kazakh tili zhonindegi zertteuler. Almaty: Gylym, (1966): 362 b. – (In Rus)

9 Ajmauytov, Zh. 5 tomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of works in 5 volumes]. №4-том. Psihologiya. Zhan zhyesi men oner tandau. Tarbiege zhetekshi. Almaty: Gylym baspasy, (1998): 446 b. – (In Kaz)

10 Archive documents of GA. F.80, 218 bundles

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТЕОРИИ КАЗАХСКОГО ПИСЬМА

Аннотация. Научные дебаты языковедов по вопросу перевода казахской графики на латиницу создали прекрасную возможность правильно оценить ошибки и недостатки нашей национальной теории письменности. Благодаря этому казахские учёные получили возможность оглянуться в прошлое и увидеть, где допустили ошибку в теорий казахской письменности. В результате мы увидели, что теория казахской письменности, разработанная Ахметом Байтурсынулы был репрессирован вместе с его автором. То есть сегодняшняя казахская письменность заведомо отведена от реальной теории национального письма, сформированной Ахметом. Сегодняшняя наша теория письменности впитала в себя опасности тех дней советских репрессий, она сплетена с теми опасными днями, по выражению Ахмета, она «подобна ноги китаянки», перевязанные верёвкой, чтобы вписаться в теорию русской письменности. В статье рассматривается ряд таких нерешенных проблем казахской письменности с исторической точки зрения.

Ключевые слова. Теория письма, морфологический принцип, фонетический принцип, составные слова.

ACTUAL PROBLEMS OF THE THEORY OF KAZAKH WRITING

Abstract. The scientific debates of linguists on the issue of translating the Kazakh script into Latin created a wonderful opportunity to correctly assess the errors and shortcomings of our national theory of writing. Thanks to this, Kazakh scientists got an opportunity to look back and see where they made a mistake in the theory of Kazakh writing. As a result, we saw that the theory of Kazakh writing, developed by Akhmet Baitursynuly, was repressed together with its author. That is, today's Kazakh writing is deliberately deviated from the real theory of national writing, formed by Akhmet. Today's terror of literacy has absorbed the dangers of those days of Soviet repression, it is intertwined with those dangerous days, according to Ahmet, it is "like the legs of a Chinese girl", tied with a rope to fit into the theory of Russian literacy. The article deals with a number of such unresolved problems of Kazakh writing from a historical point of view.

Key words. Theory of writing, morphological principle, phonetic principle, compound words.